



«МУҒАЖ ӨЛКЕ – МУҒАЖ МАРУХ»

(Өтес жалпы білім беретін мектебінің директоры,
география пәні мұғалімі Надирова Гүлсім Құрманбайқызының
іс-тәжірибесін зерделеу)

**ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР
ТУРИЗМІНІҢ ОРТАЛЫҒЫ**

Бұл жинаққа Маңғыстау ауданы, Өтес жалпы білім беретін мектебінің директоры, география пәні мұғалімі Надирова Гүлсім Құрманбайқызының және «Сейсмо - 8» командасының туризм – өлкетану бағытында жасалынған жұмыстары енгізілді.

Шығаруға жауапты:

туризм – өлкетану бөлімінің жетекшісі: Ж. М. Нұғыманова

КІРІСПЕ

Балалар туризмі - болашаққа мамандар даярлау, олардың өз өлкесін сүйетін дұрыс қалыптасқан жеке тұлға болуына үлес қосатын тәрбие құралы. Жас жеткіншектерге саналы білім мен тәрбие беруде туристік-өлкетану, экологиялық зерттеу жұмыстары маңызды роль атқарады.

Қазақ халқының ардақты ұлы Б.Момышұлы «Әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге міндетті» дегендей, өлкетану жұмыстарының негізінде болашаққа, өткен тарихқа деген терең қызығушылық, ізденіс, талпыныс жатқандығы, егерде жас ұрпақ туған өлкесінің тарихын оқып – зерттеумен айналысса, олардың еңбектері маңызды және құнды болатындығы көрсетілген.

Осы орайда, Орталық Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында, балаларға қосымша білім беруді бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету, тәжірибені зерделеу және жалпылау мақсатында, «Үздік жетекші» эстафетасы негізінде туризм бағытында талмай еңбек етіп жүрген Маңғыстау ауданы, Өтес орта мектебінің директоры, география пәні мұғалімі Надирова Гүлсім Құрманбайқызының іс-тәжірибесін таратуды жөн көрді.

Надирова Гүлсім Құрманбайқызы Халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық деңгейдегі түрлі шаралардың жеңімпазы, білікті маман, педагог – шебер.

Мұғалім ретінде Гүлсім Құрманбайқызының басты ұстанымы – «Адамның адамшылдығы жақсы ұстазынан болады», ал мақсаты – өлкетану жұмыстары арқылы тапқырлық, ізденімпаздық, шығармашылық іске дарынды жастардың қабілеттерін дамыту.

Ұсынылып отқан жинақта Гүлсім Құрманбайқызының жетекшілігімен «Сейсмо-8» туристік-өлкетану командасының туристік жорықтары, зерттеу жұмыстары, жетістіктері, жұмыс нәтижелері жинақталған.

Бұл жинақ оқушыларымызды салауатты өмір салтын сүруге, туристік – өлкетану бағытындағы жұмыстарды жандандыруға, туған елінің тасы мен құмын сүюге тәрбиелеу мақсатында қолдану үшін ұсынылады.

Өмірбаян



Надирова Гүлсім Құрманбайқызы 1988 жылы 20 қаңтарда Маңғыстау ауданы, Сайөтес ауылында дүниеге келген. 2005 жылы Өтес орта мектебін бітірген соң, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының география мамандығына түсіп, «География пәні мұғалімі» мамандығын тәмамдады.

2009 жылы Мұнайлы ауданы, №5 жалпы білім беру мектебінде алғашқы еңбек жолын бастады. 2009 жылдан бастап еңбекке араласып, шәкірттер тәрбиелеуде. Тұрмыстық жағдайына байланысты, 2011 жылдан бастап Сайөтес ауылындағы Өтес жалпы білім беру мектебіне география пәні мұғалімі қызметіне орналасты.

2013-2014 оқу жылдарынан бастап мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарып, 2020 жылдан бастап мектеп директоры қызметіне тағайындалды.

Маңғыстау облысының Білім басқармасының «Алғыс» және «Құрмет» грамотасымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Құрмет» грамотасымен, республикалық «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Алғыс хатымен, республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Алғыс» хатымен, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының Сертификатымен, облыстық мұғалімдер олимпиадасының география пәнінен I орын, «Педагогикалық идеялар» бейнесабақтар байқауының I орын дипломдарымен, Маңғыстау ауданы әкімінің «Жастар сыйлығы» конкурсының «Жас мұғалім» номинациясының премиясымен марапатталды.

2019 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «2019 жылдың үздік педагогі атағының иегері», «Үздік педагог» төсбелгісінің және 2 525 000 теңге сыйақысының иегері. Сондай – ақ, Қазақстанның ең үздік 10 мұғалімі қатарына еніп, «Әлем мұғалімі» жаһандық сыйлығының номинанты атанды. Шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық сайыстардың жеңімпаздары.

Іс – тәжірибесін 2013 жылдан бастап аудан, облыс, республика көлемінде таратып келеді. Маңғыстау жұртшылығына танымал биолог ұстаз Едіге Сәтінұлы туралы «Өнегелі өмір жолы» атты жинағының және республикалық «Жас турист» авторлық бағдарламасының авторы.

Қазіргі таңда отбасылы, аяулы жар, өнегелі келін, үш баланың анасы.

ЖЕТІСТІКТЕРІ



БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІ

Білім беру ұйымдарындағы балалар мен жасөспірімдер туризмі – балалардың бос уақытын тиімді пайдалану мен патриоттық, экологиялық тәрбие берудегі таптырмас басты құрал.

Туризм – бұл табиғат орындарына саяхат жасау, өңірдегі туризм орталықтарында демалу, сол аумақтағы табиға және мәдени – тарихи нысандар туралы мағлұмат, түсініктер алу.

Туризмнің бағыттары алуан түрлі:

- ізденушілік – өлкетану бағытында туған өлкеге жасалатын оқу-тақырыптық экскурсиялар;
- спорт бағытында өткізілетін жарыстар мен слеттер;
- туристік жорықтар.

Білім беру ұйымдарындағы туристік – өлкетану бағытындағы шаралар оқушылардың бойында өз туған өлкесіне деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті, өткені мен қазіргі тарихын оқып – үйрену негізінде патриоттық, азаматтық тәрбиені қалыптастырады. Сонымен қатар, баланың сана-сезімін, ойлау қабілетін, зеректілігін дамытып қоймай, достыққа, жолдастыққа үйретеді.

Туристік жорықтар – туристер үшін қолайлы туризмнің жұмыс формаларының бірі. Туристік жорық дегеніміз – алдын-ала дайындалған жаңа немесе беліглі бір маршрут бойынша сауықтыру, танымдық, спорттық бағытта өткізілетін жұмыс.

Туристік жорықтар ұзақтығына қарай бір, екі, үш немесе көпкүндік болып бөлінеді. Туристік жорық үш кезеңнен тұрады: дайындық, туристік жорық және өңдеу кезеңдерінен. Туристік жорыққа шықпастан бірнеше күн бұрын жетекші барлық қатысушыларды жорықтың мақсатымен таныстырып, қажетті жеке және топтық құрал – жабдықтармен, азық-түлік тізімімен, алып шығатын киімдермен хабардар етуі қажет.

Туристік жорықты ұйымдастыруда көмектесетін құжаттар, құрал-жабдықтар, тамақтану, жорық кезіндегі қауіпсіздік, көрсетілетін алғашқы медициналық көмек, топография және компаспен бағдарлау туралы мағлұматтарды жетік меңгеру қажет.

МАРШРУТТЫҚ КІТАПША

Туристік саяхаттың негізгі құжаты – маршруттық кітапша. Оның құрамына мынадай мәліметтер кіреді:

- маршрут атауы, қиындық дәрежесі, ұзақтығы мен арақашықтығы;
- негізгі пункттер, оның ішінде жолда кездесетін кедергілердің сипаттамасы (мысалы, асулардың қиындық дәрежесі мен биіктігі);
- негізгі, қосымша және апаттық варианттар;
- маршруттардың сұлбалары (схемалары);
- жетекшісі мен қатысушылардың толық тізімі, осы маршруттағы міндеттері, мекен – жайлары, телефондары;
- жоспарланған маршрут пен өтілген маршрут, маршрут жоспарларының өзгеруі мен олардың себептері;
- маршрутқа қажетті жеке және топтық құрал-жабдықтар тізімі;
- бақылау (контроль) пункттері мен оларға жету мерзімдері.



Форма № 3 — Тур

Необходимый набор продуктов питания имеется.
Общественное и личное снаряжение в достаточном количестве имеется.
Электронные системы позиционирования и средства связи в достаточном количестве имеются.

Специальное групповое снаряжение: _____

Специальное личное снаряжение: _____

Необходимый ремонтный набор имеется.
Необходимый набор лекарств и материалов в аптечке первой помощи имеется.

**ЗАКЛЮЧЕНИЕ
МАРШРУТНО-КВАЛИФИКАЦИОННОЙ КОМИССИИ***

Группа под руководством _____
(Фамилия И.О.)

имеет (не имеет) положительное заключение МКК о прохождении планируемого маршрута. Соответствие сведений о туристском опыте руководителя и участников проверки:

Ответственный член МКК _____
(Подпись) (Фамилия И.О.)

« _____ » « _____ » 20 ____ г.

М.П.

* При официальном обращении проводящей организации, а также для степенных маршрутов и не категоризированных маршрутов, содержащих категоризованные препятствия.

МАРШРУТНЫЙ ЛИСТ № _____

выдан группе туристов: _____

(полное наименование организации проводящей путешествие)
в составе _____ (_____) человек
(число) (число - письменно)

с « _____ » « _____ » по « _____ » « _____ » 20 ____ г. совершает
прохождение _____ маршрута _____ степени сложности
(вид маршрута)

в районе _____ по маршруту:
(Географический или туристский район)

Руководитель группы _____
(Фамилия Имя Отчество (полностью))

Телефон _____ Email: _____

Зам. руководителя
(для групп школьников и др.) _____
(Фамилия Имя Отчество (полностью))

Телефон _____ Email: _____

Тренер/Руководитель
проводящей организации _____
(при наличии) (подпись) (Фамилия Имя Отчество, полностью)

Телефон _____ Email: _____

М.П. (при наличии)

Форма № 3 — Тур

СОСТАВ ГРУППЫ*

№	Фамилия, Имя, Отчество (полностью)	Год рождения	Обязанности	Подпись**
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				
16.				
17.				
18.				

* При большом количестве участников, необходимо представить отдельные вкладыши на этих участников туристской группы.

** Ознакомлен об опасностях для жизни и здоровья при прохождении запланированного маршрута, о правах и обязанностях участника туристской группы, а также для спортсменов: Кодекса путешественника, правил вида спорта «спортивный туризм»

ГРАФИК ПЕРЕДВИЖЕНИЯ


Даты	Участки маршрута	Км	Способ передвижения

Всего активными способами передвижения _____ км


СХЕМА МАРШРУТА*

* На схеме, желательно в цветном исполнении, наносится маршрут движения (основной, запасной, аварийный), даты и места предполагаемых мест ночлегов. Представленная схема должна давать четкое представление о нитке прохождения маршрута, его определяющих препятствиях. По требованию МКК, вместе с маршрутным листом, прилагается картографический материал, предполагаемый для использования группой на маршруте.

ТУРИСТІК ЖОРЫҚТЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ



ТУРИСТІК МАРШРУТТАРДЫ ЖІКТЕУ



ТУРИСТІК ҚҰРАЛ - ЖАБДЫҚТАР

Туристік құрал – жабдықтарға туристік саяхаттарда қажет болатын киім, аяқ киім, бивуак құралдары, сақтандыру - тасымалдау құралдары жатады.

Құрал – жабдықтар жеке және топтық құрал – жабдықтарға бөлінеді. Құрал – жабдықтарға қойылатын талаптар: минималды салмақ пен көлемі, мықтылығы, пайдалануы мен жөндеуі оңай, қауіпсіздігі, атмосфера әсеріне, тозуына, коррозияға шыдамдылығына бір – біріне үйлесімді болуы қажет.

Жеке құралдар:

1. Арқақап (рюкзак);
2. Қолғаптар;
3. Түсу элементтері;
4. Карабиндер – 2-4 дана;
5. Ұйқыға арналған қап немесе жамылғы;
6. Жуыну құралдары (орамал, сабын, тіс пастасы, щетка, т.б.);
7. Ыдыс – аяқ (кружка, тарелка, қасық, шанышқы, т.б.);
8. Полиэтилендік жамылғы;
9. Ине – жіп, түйме, мата қиындысы.

Әркім бұл тізімді толықтыра алады, бірақ бұл жүктің бәрін туристің өзі тасып жүретінін ұмытпауы керек. Киім тізімі климатқа, ауа райына, жорық қиындығына, температуралардың тәуліктік өзгерістеріне байланысты. Ең алдымен жорық киімі жеңіл, тез кебетін, жылу ұстайтын киім болуы қажет. Аяқ киім өкшесіз және табанында протектор болуы керек. Аяқ киім кең, шұлық сиятындай болуы қажет.

Топтық құралдар:

1. Шатырлар;
2. Балта;
3. Тамақ пісіруге арналған қазан;
4. Сіріңке, шам, фонарь;
5. Пышақ;
6. Дастархан;
7. Ожауқасық;
8. Сүлгі;
9. Аптечка;
10. Карабин – 30 дана;
11. Негізгі жіп – 3*40м;
12. Репшнур;
13. Карта сызуға арналған құралдар;
14. Компас – 3 дана.

Шатырларға қойылатын талаптар: су өткізбеу, желге шыдау, жеңіл салмақ, оңай құрастыру.

Топтық қобдишамен бірге жеке дәрі-дәрмектер болуы керек: жеке таңу пакеті немесе стерильдік бинт (1 дана), жай бинт (1 дана), ені әртүрлі бактерицидтік пластырь, йод немесе зеленка (1 дана), ауру басатын құралдар (анальгетик, цитрамон таблеткалары 5-10-нан), гигиеналық ерін помадасы, теріге жағатын және күннен қорғайтын кремдер.

Туристтік-өлкетану жорықтарының соңғы кезеңі – оның нәтижелерін өңдеу. Туристтік тәжірибеде ол камералдық деп аталады. Бұл кезеңнің басты қорытындысы – туристік-өлкетану жұмыстары туралы есеп. Есеп ұжымдық шығармашылықтың басты жемісі болуы керек. Есеп көлемі қатысушылардың жасына және жорықтың мазмұнына байланысты болады.

ТУРИСТ ГИГИЕНАСЫ

Балаларға жорық кезінде кездесетін қансорғыш және улы жәндіктерден (маса, сона, ара, кене, жылан, т.б.) сақтану шараларын, денеден күн өткенде, суға батқанда, түрлі жарақат алғанда, суық тигенде, үсігенде, асқорыту жолдары ауырғанда, күйгенде медициналық көмек көрсету керектігін және жуыну, дене, аяқ, тіс тазалығын күтіп ұстау құралдарын үнемі алып жүру керектігін ескерту керек.

Сонымен қатар, жорық кезіндегі негізгі ауру-сырқаттар – қажалу мен сүйел. Ол үшін аяқ киім судай жаңа болмауы керек. Шұлық пен шұлғау дұрыс киіліп, таза болуы қажет.

ТАМАҚТАНУ

Азық – түлік дайындау кезінде туристердің саны жорықтың өткізілу уақытымен ескеріледі. Азық – түлік жеңіл, әрі құнарлы болуы керек. Жорық кезінде міндетті түрде 3 мезгілдік аспен қамтамасыз етіліп отырылуы керек. Себебі, жорық кезінде адам қажетті энергиясын өзінің жасаған іс-әрекетіне байланысты жоғалтып отырады.

Физикалық жүктемесіз жұмысты орындайтын қызметкерге немесе оқушыға тәулігіне 2500 – 3000 ккал жеткілікті болса, жорықта оның қиындығына байланысты 3300-4000 ккал, тіпті 7000-8000 ккал жетеді. Біркүндік жорық кезінде пайдаланылатын тамақ мөлшері:

1. Нан – 600 гр;
2. Ботқа немесе макарон өнімдері – 200гр;
3. Ет консервілері – 100гр;
4. Май – 50гр;
5. Секер – 100гр;
6. Көкөністер, картошка – 500гр;
7. Компот, кисель – 40гр;
8. Қайнатылған сүт – 40гр;
9. Шай – 5гр;
10. Тұз – 1гр;
11. Бұрыш – 15гр.

ЖОРЫҚ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шараларға: жорықтарды, жарыстарды ұйымдастыру, даярлау және өткізу шаралары жатады. Оларға қатысушылар мен жетекшілердің көпқырлы дайындығы, маршруттарды жарыс орындарын дайындауы, туристік топтардың материалдық – техникалық және медициналық қамтамасыздануы жұмыстары жатады.

Жолға шыққандағы қауіпсіздік ережелері:

1. Маршруттың қатысушылардың қабілетіне сәйкес болуы;
2. Алдын-ала жолды, қауіпті жерлерді, су көздерін, маршруттан кетіп қалу жолдарын біліп алуы;
3. Дайындықсыз, акклиматизациясыз жолға шықпауы;
4. Алдын-ала ауа-райы болжамын біліп алуы;
5. Құрал-жабдықтарды, азықты, туристтер денсаулығын мұқият тексеруі, сырқаттанғандарды маршрутқа жібермеуі;
6. Беделді жетекшісіз жолға шықпауы;
7. Таңертең ерте жолға шығуы;
8. Аяқты жара мен үсіп қалудан сақтауы;
9. Киім, аяқ киім бүтін және құрғақ болуы керек.

ТУРИСТІК АЛАУ

Туристтік алауды жіңішке бұтақтан, құрғақ шөптерден, сонымен қатар арнайы дайындалып келген ағаштан жағу керек. Алау шатыр орналасқан орыннан 5-8 метр қашықтықта болуы керек. Екі жаққа тартып байланған жіпті ұзу үшін отынды жағып ұстап тұру керек. Отты жарыстарда соңғы болып келген команданың мүшесі жағады.



«Құдық» алауы туризмде кеңінен қолданылатын алау түрі. Бұл алау түрі алау жақсы жанып үлкен ыстық беру үшін пайдаланылады. «Құдық» алауын дайындау үшін ағаш құдық түрінде салынады. Алау ұзақ жанады және тамақ пісіру үшін көп жылу береді.

«Шалаш» алауын дайындау үшін ағаштар шалаш түрінде көтеріңкіленіп салынады. Бұл алау ұзақ жанады жылыту үшін көп жылу бөледі. Алау жақсы жанады және туристік дамылдауда үлкен ыстық беру үшін пайдаланылады.



«Жұлдызша» алауы туристер үшін әмбебап деп мойындалады. Оған ботқа пісіруге және төңірегіне кешкі әңгімемен отыруға болады. Бұл алауды дайындау үшін 5-10 данаға дейінгі бөренешіктер жұлдызша түрінде ішке қарай ығыстырылады.

«Нодья – Дабыл» алауы жорықтар кезінде туристер адасқан жағдайда көмекке шақыру мақсатында дабыл беру үшін қолданылатын алау түрі. Алауды дайындау үшін жуандығы 30-40 см, ұзындығы 2-3 метрлік 2-3 шырша қабығы бірінің үстіне бірі салынып, екі жақ шетінен қазықпен бекітіледі. Тамыздықты төменгі ағаштардың арасына салады, үшінші ағаш түтін тартуды реттейді. Әдетте алау үстіне смолалы бұта салып қара түтін немесе көк шөп салып ақ түтін шығару арқылы дабыл беріледі.






Бұл алау түрі жорықтарда туристер кеңінен қолданатын алау болып табылады. Алау ыстық жалын береді. Бірден бірнеше ыдыс қойып тамақ әзірлеуге және дымқыл киімдерді кептіруге өте қолайлы. Туристердің көңіл көтеру мақсатында пайдалануына ыңғайлы болып табылады.

ШАТЫР

Шатыр – туристік жорық кезінде демалуға, қолайсыз ауа-райынан, масадан, дала жәндіктерінен қорғайтын пана.

Шатырды құру үшін ең алдымен тегіс жерді тандап, дайындап алуы керек. Негізін төсеп, 1-3 бұрышын тартып, қазықпен бекітеді. Кейін негізінің 2-4 бұрышын тартып, қыртысын жазу үшін тағы да қазықпен бекіттіреді. Осыдан кейін биіктігі 1,5 метр темірмен шатырдың төрт қырын жіппен тартып, қазықпен бекітіп тастайды.





ЖІП БАЙЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ


Туристтік жорықтар кезінде жеке бас қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жорыққа қатысушылар ауыр салмаққа төзімді және қозғалыс кезінде байланып, тез шешілетін мықты жіпті пайдаланады.

Жіп байлаудың түрлері: тік, ткацкий, академиялық, булинь, түйіншек, тартып байлау, сегіздік, т.б.

- а) тік байлау;
- б) бабий байлау;
- в) ткацкий байлау;
- г) академиялық байлау;
- д) түйіншектеп байлау.



тартып байлау әдісі




булинь әдісі

КЕДЕРГІЛЕРДЕН ӨТУ

Кез келген жорықта әр түрлі кедергілер жолағынан өту шартты міндет. Солардың бірі төмендегі суретте бейнеленгендей бір-бірінен бірдей қашықтықта орналасқан автокөлік дөңгелектері.

Бұл турдың өткізілу шарттары:

1. Кедергіні топқа соңғы болып келген команда қатысушысы бастайды.
2. Жерге қол тигізуге мүлдем рұқсат етілмейді.
3. Автокөлік дөңгелектерін қаз-қатар тұрған күйінде өту керек, өтпей кетуге болмайды.
4. Демалып алуға шектеу қойылмайды.




МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК

Туристтік жорықтарда, көмек көрсету пункттерінен шалғай орналасқан жерлерде жүрген кезде қатысушылардың әрқайсысы жанындағы жолдастарына сынық, күйік, жарақат алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуі қажет.

Дәрі – дәрмек қорапшасының ішінде төменде көрсетілген дәрі-дәрмектер болуы керек:

1. Ауруды сездірмейтін дәрілер және қоздырушы заттар (анальгин, парацетамол, кофеин, кардиомин, валидол, но-шпа, т.б.)
2. Қан тоқтатушы және дезинфекциялаушы дәрілер (сутек асқын тотығы, йод, антибактериалды спрей, левомеколь мазь, т.б.);
3. Антибиотиктер (пенициллин, тетрациклин, эритромицин, т.б.);
4. Сыртқы дәрілер (зеленка, синтемицин майы, марганцовка, нашатырь медициналық спирті, лейкопластырь);
5. Таңғыш материалдары (бинт, метрлік марля, мақта, т.б.);
6. Саймандар (термометр, қайшы, бұрау, шприцтер, т.б.).



КОМПАС


Компас – жер бетін бағдарлауға, географиялық немесе магниттік меридианның бағытын анықтауға арналған аспап.

Жорықтар кезінде бағдар жасау қозғалысының бағытын дұрыстап таңдап алу және маршрутқа байланысты дұрыс жүру үшін қажет.

Компаспен жұмыс істеу әдісі:

1. Картаны компас арқылы бағдарлау;
2. Дәл тіркеу (точечная засечка);
3. Қайтара тіркеу (обратная засечка).

Картаны компас арқылы бағдарлау кезінде компасты картаның үстіне қойып, картаны компаспен бірге айналдырады. Айналдырған кезде компастың бағыты меридианмен тұспа-тұс келуі керек. Егер де олай келмесе, онда оларды екі меридиан ажыратып тұрғаны. Біреуі – географиялық, ал екіншісі – магниттік. Суретте бейнеленгендей, географиялық және магниттік меридианның айырмашылығы – магниттік қиылысу бұрышының 10-20 градус ерекшелігінде.




ТУРИСТІК – ӨЛКЕТАНУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ТУРИСТІК ЖОРЫҚТАРДЫҢ ЕСЕБІ

Маңғыстау ауданы, Өтес жалпы білім беретін мектебінің «Сейсмо-8» командасы 2016-2021 жылдар аралығында Маңғыстаудың тұмса табиғаты мен киелі жерлерін аралап, көптеген ғылыми – зерттеулер жүргізіп, облыстық және республикалық байқаулардың бірнеше мәрте алтын медаль иегерлері атанды. «Сейсмо-8» командасының 5 жыл бойы жасаған жорықтары мен экспедициялары назарларыңызға ұсынылады.

№	Жорық атауы	Мерзімі
1	«Сайөтес – Үстірттің батыс кемері - Маната»	15.04.2016ж.
2	«Үстірттің батыс кемері - Бөгерстам»	10.11.2017ж.
3	«Сайөтес – Үстірттің оңтүстік кемері – Тұзбайыр – Өрмелі - Сайөтес»	10-11.11.2018ж.
4	«Қойнауы сырға толы ауылым»	02-03.03.2018ж.
5	«Сайөтес – Бердалы – Беспоқы – Күркіреуік- Қаракүп – Жамансаура - Сайөтес»	08-09.06.2019ж.
6	«Сайөтес – Оғланды – Қараған үңгірі – Булыойық үңгірі»	08-09.09.2019ж.
7	«Сайөтес – Ақсеңгір - Қаракеуек» шатқалы (Ыбықты сайы)	20.08.2020ж.
8	«Сайөтес – Шақпақ Ата - Сұлуқапы»	20.09.2020ж.
9	«Сайөтес – Шетпе – Баба Түкті шашты Әзиз – Масат Ата – Ерсары қайрағы»	09-10.07.2021ж.

2018 жылдың 10-11 қараша күндері Маңғыстау ауданында ұйымдастырылған жартылай автомобиль және жаяу «Сайөтес – Үстірттің оңтүстік кемері – Тұзбайыр - Өрмелі» бағытындағы туристік жорықтың картасы.



ТУРИСТІК ЖОРЫҚТЫҢ МАРШРУТТАРЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА ДЕРЕКТЕРІ

Маршрут төлқұжаты:

1. Саяхат ауданы: Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы.
2. Маршрут тізбегі: «Сайөтес – Үстірттің оңтүстік жар кемері – Тұзбайыр - Үстірттің оңтүстік жар кемері - Өрмелі».
3. Маршруттың жалпы ұзындығы: 250 км.
4. Соның ішінде жаяу - 9 км, авто - 241 км.
5. Кедергілерден өту: 70м
6. Саяхаттың ұзақтығы: 2 күн
7. Маршруттың белсенді бөлігінде - 2 күн.
8. Далада қону: 1 күн.
9. Саяхат уақыты: 2018 жыл, 10-11 қараша
10. Экскурсия түрі: жартылай авто және жаяу

Топ құрамы:


№	Қатысушының аты-жөні	Қызметі
1	Г.Надирова	топ жетекшісі
2	Е.Жұмабаев	топ орынбасары
3	А.Түгелбаев	топ мүшесі
4	А.Аманбаева	топ мүшесі
5	С.Іздібай	топ мүшесі
6	А.Көбейсінова	топ мүшесі
7	Н.Нұрлыбаева	топ мүшесі
8	Д.Жаңабаев	көлік жүргізушісі
9	А.Сүйменова	мектеп медбикесі

Турист күнделігінен:

10-11.11.2018ж. Геологиялық жорығымыздың алғашқы күні. Таңертең сағат 07.30-да мектепке жиналды. 8.00-де мектеп алаңынан қара жолға ыңғайлы УАЗ автокөлігімен Сайөтес ауылынан оңтүстік бағытқа 180⁰ бағыты бойынша Үстірттің оңтүстік кемеріне командамызбен жол тарттық. Маршрутымыздың алғашқы нүктесі 60км автомобильмен жүрген соң Сынды құлама жолымен жалғасып, құлама жиекке тоқтадық. Сынды жолынан төменге қарай 6км жаяу жорықпен жалғасты. Таңертеңгі ауа-райының температурасы 9⁰ С, күн бұлтты, жел солтүстік – шығыстан. Айналаға бағдар жүргізіп, бақылау-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеміз.




Санкт – Петербург ғылым академиясының академигі, орыс геологы, стратиграф, минералог, палеонтолог Н.Андрусов «Жер шарының геологиялық тарихын білгіңіз келсе, Маңғыстауды бір рет көріңіз» дегендей, Сынды құлама жолымен құлай отырып, Үстірттің оңтүстік кемерінің геологиялық жалаңаштанған ашылымдарына куә болдық. Бұл жерден Үстірттің геологиялық кесігін кәдімгі көзбен көріп анықтауға болады. Түрлі зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Өзімізге қажетті минералдарды жинадық.



Үстірттің
геологиялық
кесігі

Жаяу жорықтан соң Үстірттің оңтүстік кемеріне келіп жартасқа көтерілдік. Құмтас тастарының тастан шығу жолы ішкі құлауды күшейтеді.



Төңірегі бос ойықтың құлауы арқылы бұзылған. 300<9. Ұсақтау аймағы меланитпен сипатталады және ені шамамен 0,5м. Қабаттардың толқынды беті бар, таудың бұрышы 60-тан 200-ге дейін өзгереді. Кварц конгломераттары бар.

Жалпы азимуттың қашықтығы – 50м. Граниттер мен диабаздар арасында байланыстары бар. Диабаз – барлық кристалды жыныс, ұсақ түйіршікті, қара сұр түсті. 310 серпімділік контактісінің кеңеюі, диабаздың қуаты 1м, негізгі азимут 1м қашықтықта диабаз және порфирит сыйымдылығы 10-11м.



Содан соң Тұзбайыр сорына жол тарттық. Тұзбайыр – Маңғыстау ауданында орналасқан, Ақтау жотасының Батыс Үстіртпен шектесетін тұсындағы тұзды көл. Ендік бағытта созылып жатқан көлдің ұзындығы – 22 км, енді жері – 5-6 км. Көлдің Ақтау жотасына қараған жағы жар қабақты келген. Тұзбайырда арнайы демалуға шатыр құрып, түскі ас ішіп тамақтандық. Тамақтанып болған соң қазба жұмыстарын жүргізіп, акуланың тістерін таптық.



Үстірттің батыс кемеріне келіп, Өрмелі жерінде түрлі радиометриялық әдістер жүргіздік. Тәжірибе барысында бірнеше геологиялық маршруттар өткізілді. Осы бағыттарда сыртқы жарықтарды анықтау, өлшеу, бетіне түсетін тау жыныстарының үлгілерін алу үшін зерттеу жұмыстары жүргізілді. Дала күнделіктері мен геологиялық карталар пайдаланылды. Тас үлгілері жиналып, құжатталды.

Дұрыс ұйымдастырылған және мәнді өткізілген саяхат адамның денсаулығын нығайтады, ынта – ықыластық, батылдық қасиеттерін тудырады, жұмысқа қабілеттілігін арттырады. Саяхат кезінде адамның ұжыммен жұмыс істей білу сезімі нығаяды, туристің ой-өрісі кеңейеді, табиғатты аялауды үйренеді.



«САЙӨТЕС – ҮСТІРТТІҢ БАТЫС КЕМЕРІ - МАНАТА» ТУРИСТІК ЖОРЫҒЫ

Туризм – туған өлке бойынша саяхат, белсенді қозғалыс жасаудың әдісі ғана емес. Бұл іздестіру қызметі, өз туған өлкесін тану, оның өткені мен болашағына жақындау, халықтың салт-дәстүрімен танысу, бейтаныс жерлерді ашу және зерттеу жұмыстарын жүргізу болып табылады. Мектептерде туризмнің әр түрімен айналысу азаматтық сезімге, туристік мәдениетке және қонақжайлылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Мектеп туризмінің дамуы үшін туристік – экскурсиялық саяхатты кеңінен дамыту қажет. Мектептерде туризмнің тек сауықтыру бағытына ғана емес, сонымен қатар ой-өрісін кеңейтетін туризм түрлеріне көп көңіл бөлу керек, яғни оларға мұражайлар, экскурсиялар, көрмелер жатады. Өтес орта мектебінде саяхатты жақсы көретін оқушылар өте көп. Балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру және олардың туризмге деген ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқушыларды туристік жорыққа алып шығу мектебімізде жолға қойылған.

Атап айтсақ, Сайөтес – Сейсем Ата – Бесбұлақ – Ман Ата – Толыбай және Сайөтес – Үстірттің батыс кемері бағытындағы жартылай жаяу және автомобильді жорықтар. Туристік жорық барысында Ман Ата әулие басында «Адам Ата – Ман Ата» қоғамдық қорының жетекшісі Мір Шайырмен оқушыларға кездесу ұйымдастырылды.




Мір Шайыр – дара тұлғалардың бірі. Әдебиет сүйер қауымға кеңінен танымал ақын, жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Мір Шайыр – Мырзағали Іңірбаев оқушыларға «Ман Ата немесе Маңғыстау» атауының шығу тарихы жөнінде әңгімелеп берді. Оқушыларға өзінің қолтаңбасын қалдырып, кітабын тарту етті. Оқушылар Ман Ата әулие басындағы көгалдандыру жұмыстарына ат салысты.

КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІҢ РУХАНИ МАҢЫЗЫ

Тұңғыш Елбасымыз
Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа
бағдар: Рухани жаңғыру»
мақаласында қоғамдық сананы
заманауи биікке көтеруге септігін
тигізетін алты жоба ұсынғандығы
белгілі. Соның төртіншісі
«Қазақстанның киелі жерлерінің
географиясы» жобасы. «Туған жер»
бағдарламасы мен «Сакралды
Қазақстан» жобасы арқылы туған
жер мен киелі жерлерге деген



шынайы патриоттық сезім арқылы болашақ ұрпақта біртұтас мызғымас ұлттық сана қалыптасады. Осы жоба аясында арнайы Сайөтес ауылының маңындағы тарихи-географиялық киелі нысандардың маршруты картаға түсіріліп, «Сейсмо-8» командасы «Қойнауы сырға толы ауылым» экспедициясына шықты. Экспедиция маршруты Маңғыстаудың киелі жерлері ретінде ерекше бағаланатын табиғи және мәдени нысандар, зайырлы және діни сәулет ескерткіштері, халық арасынан шыққан көрнекті тұлғалардың кесенелері мен қорымдары, халықтың жадында елеулі із қалдырған тарихи-саяси оқиғаларға байланысты орындар арқылы өтті. Сейсем Ата тарихи ескерткішінен басталып, Қаработа – Дөңқара – Қонайдың үйігі – Бәйті – Оғыланды – Бекет Ата – Ман Ата сынды тарихи ескерткіштерін қамтыды. Жас өлке зерттеушілері экспедицияға қатысып, өз өлкесінің киелі жерлеріне тәнті болған оқушылар ерекше сезімге бөленіп, әрбір айтылған ақпаратты көзбен көре отырып, ұйып тыңдады. Экспедиция нәтижесінде оқушылар барған жерлерінің аңыздық кітапшасын жасап, суретке және видеоға түсірді. Жүріп өткен киелі жерлердің интерактивті картасын жасап, арнайы сайтқа орналастырып, интернет желісі арқылы көруге болатын «Ауылымның киелі жерлері» виртуалды турдың сандық үлгісін дайындады. Сіз ол жерге бармай – ақ виртуалды түрде саяхат жасай отырып, 3D панорамасын көре аласыз. Осы экспедицияның нәтижелі жұмысы Бәйті ғибадатханасын «QR - MANGYSTAU» мобильдік қосымшасына ақылы түрде енгізді. Оқушылардың бойында жалпы ұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіре отырып, ұлттық құндылықтарымызды осындай киелі нысандар арқылы жаңғырта отырып, елдің иесі болар болашақ ұрпақты рухани бай мұрамен сусындата тәрбиелеу – басты мақсаттың бірі.



«САЙӨТЕС – ОҒЫЛАНДЫ – ҚАРАҒАН ҮҢГІРІ – БУЛЫОЙЫҚ ҮҢГІРІ» БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖОРЫҚ

«Туған жерге тағзым» республикалық экспедиция аясында 07.09.2019ж. өзім жетекшілік ететін «Сейсмо – 8» командасымен таңғы сағат 5.30-да Сайөтес ауылынан 350 км қашықтықта орналасқан «Сайөтес – Оғыланды – Қараған үңгірі – Булыойық үңгірі» бағытында экстремалды экспедицияға шықтық.

Экспедицияның мақсаты – оқушыларға туған жердің тылсым табиғатымен таныстыра отырып, мектептегі спелеотуризмді (үңгір ішіне туризм) дамытып, зерттеу жұмыстарына баулу.

Булыойық – Оңтүстік Үстірт өңіріндегі Маңғыстау мен Түрікменстан шекарасындағы Атанияз жеріндегі жер асты үңгірі. Тереңдігі – 115-120 метр. Үш қабатты алып киіз үй тәрізді күмбездерден тұратын бұл жұмбақ үңгірдің түбінде көздің жасындай мөп – мөлдір су көзі бар. Жолымыз елсіз – сусыз, байланыссыз жерлермен барудың өзі, әсіресе Булыойық үңгіріне 9 сағат уақытты қажет етті. Бұл сапар аса табандылық пен өжеттілікті қажет ететін сапар деп есептеймін. Енді, Булыойыққа келіп бас тіредік. Булыойық дегеніміз шынында да Үстірттің қақпақтай тегіс жерінің бір ойыс түскен жерінен басталып, әрі қарай белгісіз қашықтықта жер астымен кетіп жатқан үңгір екен. Булыойық үңгіріне келген соң, ішіне командаммен түстім. Тік бағытта созылған үңгірге түсу алғаш көргенде қорқыныш сезімі биледі. Себебі, адам әрбір қадам басқан сайын қою қараңғылыққа еніп барады. Үңгірге түсу жолы үлкен дөңбек тастармен жабылған. Түсудің қиындық дәрежесі – 4. Үңгір ішіне енген соң салқын әрі ылғалды екенін байқадық. Аяғымыздың астындағы тастарға дейін ылғалдан беті сырғанақ болып келеді. Үңгір төбесі 3 күмбез залдан тұрады. Төбесі, жары бәрі ылғалды. Жүре келе, түбінде орналасқан көздің жасындай көлге де жеттік. Қол созым жерге дейін көлдің бар екенін аңғармайсың. Себебі, судың мөлдірлігін, тазалығын, әдемілігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жібектей ұлпа, суы тұнық бір тазалыққа үндеп тұрғандай. Қолымыздағы фонарь шамды салғанда әдемі көкшіл-жасыл түске боялады. Үңгір табанындағы судан көтерілген бу сыртқа шығып жатады. Осыдан үңгір Булыойық деп аталған. Үңгірдің сырттағы аузында қой тастан қашалған шағын астау бар. Булыойық үңгірінің аузына дейін келіп жатқан сайдан қазылған құдықтың қай заманда болса да адамға қызмет еткені осыдан байқалады. Жас зерттеушілер түрлі бағытта бақылау жұмыстарын жүргізді. Сыртқа шыққан соң оқушылар осындай туған жер табиғатының тылсым құпияға толы жерасты патшалығына барып, көрген әсерлерін жасыра алмай жарыса баяндады.

Булыойық үңгірі – өмірде бір рет көруге тұрарлық керемет сұлулықтың бірегей үңгірі. Үңгірлердің танымдық, туристік маңызы өте зор. Сондықтан да оларды зерттеп, насихаттау керек.

Булыойық үңгіріне жасалған экспедициядан көріністер



«САЙӨТЕС-ШАҚПАҚАТА-СҰЛУҚАПЫ» БАҒЫТЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ТУРИСТІК-ӨЛКЕТАНУ ЖОРЫҒЫ

Туған жердің тарихын, тау-тасын, өзен-көлін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс. Туған өлкеміздегі тарихи-мәдени мұраларды жас ұрпаққа танытып, ұғындыра түсу мақсатында 20.09.2020 жылы «Сайөтес – Шақпақата – Сұлуқапы» бағытындағы танымдық туристік-өлкетану жорығы ұйымдастырылды.

Шақпақ ата мешіті - Маңғыстаудың өте маңызды ескерткіші және ол кез келген ауруды емдей алатын қазақ ақсақалының есімімен аталған.

Мешіттің ішкі кеңістігі таза ақтығымен таңғалдырады, себебі ол бор жартастан қашап салынған. Осыған байланысты ішіне кірген кезде, ежелгі ғибадатхананың ерекше атмосферасы сезіледі. Мешіт құрылымы бірнеше өзгеше залдардан тұрады, олардың әрқайсысы ортақ жолдармен байланысқан.

Мұндай әдеттен тыс ғимаратқа және орналасуына қарамастан, мешітті тек қана Қазақстаннан емес, сондай-ақ бұл ғажайып мемлекеттің мәдениетіне және тарихына қызығушылық танытатын сенушілер, қажылар және қарапайым адамдар әлемнің түпкір-түпкірінен осында жол тартады.



«САЙӨТЕС – АҚСЕҢГІР - ҚАРАКЕУЕК» ТУРИСТІК ЖОРЫҒЫ


Сайөтес ауылынан «Сейсмо-8» командасы «Сайөтес-Ақсеңгір-Қаракеуек» шатқалы (Ыбық) бағытындағы туристік-өлкетану жорығына шықты. Туристік жорық барысында Ақсеңгір тауларынан тау жыныстарының үлгісін алды. Қаракеуек шатқалындағы Ыбыққа барып, команда шатырын тікті. Қаракеуек шатқалының ернектерін алғаш көрген оқушылар еріксіз таңғала қарап, тамсанып қарады. Ойық-ойық әктастан тұратын шатқалдар бір қарағанда араның ұясын еске салады. Өйткені, табиғаттың қолмен жасап қойғандай керемет көріністері әрбір адамға ерекше әсер, ғажап сезім сыйлап тұрады.



Туристік жорық барысында балалар геологиялық кесік, полентологиялық, минералогия және петрографиялық бағыттағы кіріспе жұмыстарды байқап көрді. Қаракеуек кемеріне туристік дағды бойынша техника қауіпсіздігі негіздерін сақтап, құз-шатқалмен көтерілді. Балалар бақылау, барлау жұмыстарын жүргізіп ізденгенде сол жердегі геологиялық ескерткіштің орналасу картасын сызды. Суға гидрологиялық бақылаулар жасап, гидрометриялық өлшемдер жүргізді. Өсімдік пен жануарларды тану мүмкіндігіне ие болды. Оқушылар туған жері туралы көптеген мәліметтер алып, күнделік жүргізді. Күнделікке жорық барысында байқағандарын белгіледі. Қарапайым тәжірибе жасап, коллекция жинақтап, ауа-райын бақылап және болжам жасап, арқандар арқылы жоғары шығуды, шатыр құруды, алау жағуды үйреніп, табиғаттан асқан суретші жоқ екенін түсінді. Экологиялық мәдениетті сақтап, тазалық жұмыстарын жүргізді.



**«ҮСТІРТТІҢ БАТЫС КЕМЕРІ - БӨГЕРСТАМ»
БАҒЫТЫНДАҒЫ ЭКСПЕДИЦИЯ БАРЫСЫ**



«САЙӨТЕС – БЕРДАЛЫ – БЕСШОҚЫ – КҮРКІРЕУІК – ҚАРАКҮП – ЖАМАНСАУРА – САЙӨТЕС» БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖОРЫҚ

«Сейсмо - 8» командасы 09.06.2019 жылы Маңғыстаудың ең биік нүктесі Шығыс Қаратаудағы Бесшоқының (556 метр) биігін бағындырды.

Экспедиция маршруты «Сайөтес – Бердалы – Бесшоқы – Күркіреуік – Қаракүп – Жамансаура – Сайөтес» бағытында өтті.



Ш.Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің геологы, геология ғылымдарының доценті
Геннадий Тарасенкомен оқушылардың кездесуі және
экспедиция барысында табылған геологиялық тастар
мен акуланың тісін зерттеу барысы



ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Гүлсім Құрманбайқызының оқушылары аудандық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалардың жеңімпаздары. Баймағанбетова Жансұлу, Бердібекова Айдана, Балуанбай Еркінбек, Қарасайқызы Жаңагүл, Іздібай Сымбат, Егінбек Дәнекер, Аманкалиева Камила, Білімов Олжас секілді бірнеше оқушылары ұстаз мәртебесін арттыруда.



Облыстық «Серікболтану» ғылыми-тәжірибелік конференциясында Бердібекова Айдана жүлделі I орынды иеленіп, ұстазы Алғыс хатпен марапатталды.

«Менің Отаным – Қазақстан» облыстық туристік экспедициялық жасақтарының слетінде «Сейсмо-8» командасы оза шауып, II орынды жеңіп алды.



Баймағанбетова Жансұлу және Балуанбай Еркінбек 2019 жылы жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының республикалық кезеңінен «Алтын медаль» иегерлері атанды.


«Көкжиек» туристік-өлкетану командасы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының Щучинск қаласында өткен форумына қатысып, Қазақстандық жас патриоттар академиясына 5 оқушысы мүше атанып, төсбелгімен марапатталып, орталықпен

байланыста жұмыстарын жүргізіп келеді. «Сейсмо-8» туристік-өлкетану командасы «Облыстық балалар және жасөспірімдер туризмі орталығының» ұйымдастыруымен өткен сайыстардың бірнеше мәрте жүлделі орын иегерлері атанды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАС ПАТРИОТТАР АКАДЕМИЯСЫНА МҮШЕЛІККЕ ҚАБЫЛДАНУЫ







МАЗМҰНЫ

1. Кіріспе	1
2. Өмірбаян	2
3. Жетістіктері	3
4. Балалар мен жасөспірімдер туризмі	4
5. Маршруттық кітапша	5-6
6. Туристік жорықтардың жасалу жолдары	7
7. Туристік құрал – жабдықтар	8
8. Турист гигиенасы. Тамақтану	9
9. Жорық кезіндегі қауіпсіздік	10
10. Туристік алау	11
11. Шатыр	12
12. Жіп байлау және оның түрлері. Кедергілерден өту.....	13
13. Медициналық көмек. Компас	14
14. Туристік-өлкетану бағытындағы жорықтар	15-29
15. Оқушы жетістіктері	30-33
16. БАҚ беттерінде жарияланған мақалалар	34



Маңғыстау облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы
Ақтау қаласы, 23 ш/а., 8 ғимарат. Тел: 8 /7292/ 605400
e-mail: ocdt-2017@mail.ru